

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау
Орталығы» коммерциялық емес
Акционерлік қоғамына

Кімнен: «Қазақстан Жазушылар одағы»
республикалық қоғамдық
бірлестігінен

**ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҮШІН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ
ОРТА МЕРЗІМДІ ГРАНТТАР БЕРУГЕ АРНАЛҒАН КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА
ӨТІНІМ**

1. Өтініш беруші	
1. БСН	920140000976
2. Ұйымның тіркелген күні	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу куәлік №2126-1900-ҚБ, 2011 жыл 13 қаңтар
3. Ұйымның толық атауы	«Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 105-үй
5. Ұйымның басшысы	Құлкенов Мереке, «Қазақстан Жазушылар одағы» Басқармасының Төрағасы
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	Мәдениет пен өнерді дамыту. «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің іс-шараларға бағытталған өзінің көпмақсаттық бағдарламаларын, республикалық және халықаралық жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру басты мақсаты мен мәні болып табылады. Негізгі міндеттерінің бірі – Қазақстанда әдеби қызметпен айналысатын, дарынды шығармашылық жастарға, олардың қай ұлтқа және қай нәсілге жататындығына және діни сеніміне қарамастан, егер олардың әдеби қызметтері осы Жарғының ережелеріне және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын Заңдарға қарама-қайшы келмейтін болса, жан-жақты көмек көрсетеді.
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	Қазақстанның кәсіби әдебиетшілері, Отанынан сырт жерлерде тұратын қазақ әдебиетшілері, Қазақстанның дарынды шығармашылық жастары (18-35). Әлеуметтік жағдайы маңызды емес. Мүдделері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын Заңдарға қарама-қайшы келмейді.
8. Ұйымның байланыс телефоны	8 (727) 261 62 95, 261 65 55

9. Электрондық пошта мекенжайы	jazushylar_odagy@mail.ru
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	http://jazushy.kz/news
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	Фейсбук: https://www.facebook.com/profile.php?id=100066324496478 Телеграм: https://t.me/zhazushylar_odagy Инстаграм: https://www.instagram.com/zhazushylar_odagy?igsh=a2FyNHpkbGYzOWho
12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * <i>Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</i>	

№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі нәтижелері
				Басталуы	Аяқталуы	
1	Конференцияларды, семинарларды, форумдарды, конкурстарды, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер	249 682 805,25	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы» республикалық мемлекеттік мекемесі	07.06. 2019 г.	31.12. 2019 г.	Азия елдері қаламгерлерінің I форумы. Әдебиет саласында халықаралық байланыстарды нығайту мен дамыту, Қазақстанның әдеби беделі мен ел ішіндегі әдеби ортаның мәртебесін арттыру, сондай-ақ, көркем әдебиет саласындағы аударма ісінің үздік тәжірибелерімен және шетелдерде тарату әдістерімен танысу. Азия әдебиетін қазіргі заманға сай дамыту және танымал ету. Азия әдебиетінің қазіргі қоғамға әсерін бағалау, жастардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру.
2	Конференцияларды, семинарларды, форумдарды, конкурстарды, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер	9 000 000,00	«Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі	20.11. 2019 г.	31.12. 2019 г.	Тарихи-әдеби өлкетанудың сценарлық жобасы. Зерттеу жұмыстары, мұрағаттардан жарық көрмеген құнды деректерді тауып, зерттеп, Түркістан облысы тарихына, жер-су атауларына, аңыз-әфсана, тарихи оқиғаларға арнап көркем шығарма (өлең, поэма, баллада, әңгіме, хикая, роман, пьеса, балаларға арналған шығарма, эссе, сапарнамалық очерк, тарихи фильмнің көркем сценарийі) немесе танымдық яғни тарихи-зерттеу дүниелер жазып, жарыққа шығару.
3	Жобаларды басқару қызметтері. «Тарихи-әдеби өлкетануды дамыту» сценарлық жобасын іске асыру жөніндегі қызметі	7 840 000,00	«Алматы облысының ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі	26.11. 2020 г.	31.12. 2020 г.	«Тарихи-әдеби өлкетануды дамыту» жобасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан ірі әдеби-мәдени шаралардың біріне айналды. Бұл жоба Қазақстанның барлық аймақтарын қамтиды және өңірлерде жарияланбаған, зерттеуді күтіп тұрған көптеген әдеби-рухани жәдігерлерді зерттеуге бағытталған.

						Жоба аясында әр өңірден арнайы шығармашылық топтар құрылды. Олар берілген кесте мен жоспар бойынша көрсетілген аймақтарға әдеби экспедициялар ұйымдастырып, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көркем шығармалар жазды. Соның нәтижесінде жалпы немесе жеке әдеби зерттеу жұмыстары, ең бастысы: шығармашылық топтың көркем шығармалары дүниеге келді. Бұл жұмыстар жобаның соңғы кезеңінде кітап болып басылып, көпшілік назарына ұсынылды.
4	Конференцияларды, семинарларды, форумдарды, конкурстарды, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер	14 705 000,00	«Шымкент қаласының ішкі саясат және дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі	02.06. 2020 г.	31.12. 2020 г.	Өңірлерде «Әдеби өлкетануды дамыту» жобасын жүзеге асыру барысында көне дәуірдің көптеген әдеби-рухани ескерткіштері зерттеліп, зерттелді. Өлкелер тарихына, жер-су атауларына, аңыздарға арналған көптеген әдеби шығармалар (өлеңдер, поэмалар, балладалар, әңгімелер, романдар, пьесалар, балаларға арналған шығармалар) жазылды. Жоба аясында олар кітап түрінде шығарылды. Барлық публицистикалық, поэтикалық, прозалық шығармалар тәуелсіздік алғалы өңірлерде болып жатқан онды мәдени-әлеуметтік өзгерістерге жаңаша көзқараспен жазылды.
5	Ақпараттық материалдарды дайындау және басып шығару бойынша, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру бойынша қызмет көрсетулер	5 000 000,00	«Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	30.03. 2021 г.	20.12. 2021 г.	Мемлекеттік тілдегі республикалық газеттер арқылы Алматы қаласында стратегиялық, Мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалардың іске асырылу барысын ақпараттық сүйемелдеу
6	Конференцияларды, семинарларды, форумдарды, конкурстарды, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер	1 999 999,90	«Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	14.10. 2022 ж.	31.12. 2022 ж.	«Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» іс-шарасы аясында мемлекет дамуының жаңа кезеңінде өңірлердің дамуы туралы жаңа әдеби шығармалар жасау мақсатында жас жазушылардың шығармашылығын насихаттау, жандандыру және ынталандыру.

7	Конференцияларды, семинарларды, форумдарды, конкурстарды, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер	2 499 999,94	«Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	14.10. 2022 ж.	31.12. 2022 ж.	«Балалар әдебиетінің үздік туындыларының республикалық конкурсы» іс-шарасы үшін негізгі сценарий туындысын дайындау жөніндегі қызметтер
8	Конференцияларды, семинарларды, форумдарды, конкурстарды, корпоративтік, спорттық, мәдени, мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер	3 633 000,00	Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қабиболла Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы» мемлекеттік мекемесі	15.08. 2023 ж.	01.12. 2023 ж.	«Әдеби насихат пулы» жобасы. Ұлттық болмысымызға негізделген рухани құндылықтарымызды паш ету, мемлекетіміздің саясатын насихаттау, Тәуелсіздігіміздің куәсі, ел тарихының бастауы, алтын шеңбері болған Маңғыстау өңірін ұлықтау, бүгінгі мәртебесін көрсету. «Әдеби насихат пулы» жобасындағы кездесудің басты мақсаты. Жоба аясында Маңғыстау облысының әр ауданында тұрғындармен кездесіп, халықтың жағдайымен танысу болды. Әрбір кездесу әлеуметтік желіде, түрлі сайттарда, Жазушылар одағының парақшасында жарнамаланып отырды. Жобаға қатысқан ақын-жазушылар туған өлке, қала тарихы, тыныс-тіршілігі тақырыптарында түрлі басылымдар жазды. «Әдеби насихат пулы» жобасы аясында қаламгерлердің жазған мақалалары республикалық газет-журнал беттерінде, бірнеше сайттарда да жарияланды.

2. Әлеуметтік жобаның командасы

1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Жоба жетекшісі – Мереке Құлкенов Модераторлар –Бауыржан Жақып, Бейбіт Сарыбай Бухгалтер – Гауһар Жұмақұлова Мемлекеттік тапсырыс менеджері – Кенжеғазы Кенебаев Жоба менеджері, сценарист – Әлия Даулетбаева Режиссер – Жанат Телтаев Жүргізуші – Ұлан Мендіғазиев Дизайнер – Тимур Коесов ЛЭД оператор, видеограф – Эльдар Катапов
2. Жұмыс тәжірибесі	М. Құлкенов – «Коммунизм туы» газетінде фототілші (10.1969 ж. – 05.1970 ж.); Армияда әскери борышын өтеген (05.1970 ж. – 05.1972 ж.); Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің баспасында қызметкер (07. 1972 ж. – 11.1974 ж.); Республикалық «Қазақстан пионері» газеті бөлім меңгерушісі (11.1974 ж. – 08.1978 ж.); Қазақ Телевизиясында жастар бөлімінде редактор (08.1978 ж. – 05.1979 ж.); Республикалық «Пионер» журналында редактор (05.1979 ж. – 10.1981 ж.); «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі (10.1981 ж. – 10.1986 ж.); Республикалық «Жалын» журналының Бас редакторының орынбасары (06.1986 ж. – 1993 ж.); Республикалық «Жалын» журналының Бас редакторы (1993 ж. – 1997 ж.); Республикалық «Ана тілі» газетінің Бас редакторы (1997 ж. – 2006 ж.); «Қазақ газеттері» ЖШС-ның Бас директоры (2006 ж. – 2008 ж.); «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ-нің басқарма Төрағасының орынбасары (2008 ж. – 12.03.2018 ж.); Республикалық «Жұлдыз» журналының Бас редакторы (12.03.2018 ж. – 2021 ж.); «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ-нің Басқармасының Төрағасы (12.05.2023 ж. – қазірге дейін). Б. Жақып – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінде стажер-зерттеуші (1986 ж. – 1988 ж.); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының ассистенті (1988 ж. – 1991 ж.); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистік шеберлік және әдеби редакциялау кафедрасының аға оқытушысы (1991 ж. – 1994 ж.); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, баспа ісі кафедрасының және мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі (1995 ж. – 2001 ж.); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің деканы (2001 ж. – 2008 ж.); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, мерзімді баспасөз кафедрасының меңгерушісі (2008 ж. – 2009 ж.); «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторы (2009 ж. – 2015 ж.); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ректордың кеңесшісі, «Өнегелі

өмір» сериялық басылымы бас редакторының орынбасары (2015 ж. – 2018 ж.); Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары (12.03.2018 ж. – қазірге дейін).

Б. Сарыбай – Республикалық «Парасат» журналының бөлім редакторы (2004 ж. – 2005 ж.); «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі (2005 ж. – 2006 ж.); Қазақ радиосының руханият бөлімінің аға редакторы (2006 ж. – 2007 ж.); «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ-нде аға референт (2007 ж. – 2018 ж.); 2018-2023 ж. «Қазақстан Жазушылар одағы» Әдебиетшілер үйінің директоры (2018 ж. – 2023 ж.); «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ-нің Басқарма Төрағасының орынбасары (12.05.2023 ж. – қазірге дейін).

Г. Жұмақұлова – «Тараз-Д» ЖШС (бухгалтер) (2000 ж. – 2003 ж.); «РПИК «Дәуір» ЖШС (бухгалтер) (2003 ж. – 2004 ж.); «Новый пассажирский терминал» ЖШС (бухгалтер) (2004 ж. – 2005 ж.); «Жас-өркен» ЖШС (бухгалтер, экономист) (2005 ж. – 2009 ж.); «Жас-өркен» ЖШС (Бас бухгалтер) (2009 ж. – 2019 ж.); «Қазақ газеттері» ЖШС (Бас бухгалтер) (2019 ж. – 2022 ж.); «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ (Бас бухгалтер) (2022 ж. – қазірге дейін).

К.Кенебаев – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясында (1998-2000) «Просвещение» кітаптарын жасауға беттеуші-дизайнері, «Мектеп» (2000-2003), «Балалар әдебиеті» (2003-2005) баспаларының компьютер орталығының жетекшісі, «Киізкітап» ҚБ-нің (2003) құрылтайшысы, «Ан Арыс» баспасының (2004), «Д.М.+Профит» ЖШС-нің (2010) (журнал «Құжат айналымы мәселелері/Вопросы документооборота»), «Ол-Жас Баспасы» ЖШС-нің (2010), «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС-нің (2022), «Әдебиет» баспа үйі» ЖШС-нің (2020) көркемдеуші редакторы, «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ-нің (2005-2021, 2023) дизайнері, мемлекеттік тапсырыс менеджері.

А.Даулетбаева – Ғ. Сләмов атындағы атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында ғалым-хатшы қызметінде (2015 ж. – 2016 ж.); Атырау облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының облыстық ғылыми-әдістемелік халық шығармашылығы мен мәдени демалыс қызметтерін ұйымдастыру орталығы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында өнертанушылық қызметінде, содан соң мониторинг талдау және әдістемелік бөлімінің әдіскері (2016 ж. – 2019 ж.); Облыстық Махамбет атындағы Академияның қазақ драма театрында аудармашы болып жұмысқа қабылданды (2019 ж. – қазірге дейін).

Ж. Телтаев – Махамбет атындағы қазақ драма театры қоюшы режиссер, содан кейін Бас режиссер (2010 ж. – қазірге дейін).

	У. Мендигази́ев – «Жалын мәдениет үйі» мәдени ұйымдастырушы қызметінде, содан кейін көркемдік жетекші қызметінде (2015 ж. – 2021 ж.); Жанбай балалар саз мектебінде (2020 ж. – 2021 ж.); Атырау облыстық ғылыми-әдістемелік халық шығармашылығы мен мәдени демалыс қызметтерін ұйымдастырушы лауазымында (2021 ж. – қазірге дейін). Т.Коесов – Н. Тілендиев атындағы Кіші Өнер Академиясында «Кескіндеме және сурет» мамандығы бойынша білім алған (2001 ж. – 2005 ж.); Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының «Театр өнері» факультетінде «Сценография» мамандығы бойынша оқыған (2005 ж. – 2010 ж.); Махамбет атындағы Академиялық қазақ драма театрында қоюшы-суретші (2011 ж. – қазірге дейін). Э. Катапов – «Қазақстан» РТК АҚ АОФ, бейнемонтажер қызметі, содан кейін заңгер кадр қызметінде (2011 ж. – 2018 ж.); «Caspian news» ЖШС-і аға режиссер (2018 ж. – 2023 ж.).
3. Қосымша мәліметтер	Өтініш беруші командасы мүшелерінің құзыреті мен біліктілігі туралы толық ақпаратты (дипломдар, сертификаттар, грамоталар, аттестаттар және т.б.) аша алатын өзге де мәліметтердің <i>көшірмелері</i> қосымша ұсынылады.
4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	Бауыржан Жақып: https://www.facebook.com/profile.php?id=100011918714845&mibextid=ZbWKwL Бейбіт Сарыбай: https://www.facebook.com/profile.php?id=100000820171797&mibextid=ZbWKwL https://www.instagram.com/beibitsarybai?igsh=MXhvcHR2OWhzeGZodw== Алия Даулетбаева: https://www.facebook.com/profile.php?id=100006548025671&mibextid=ZbWKwL Ұлан Мендіғазиев: https://www.instagram.com/ulan_mendigaziev?igsh=d290MDlpd2FmZnJm Жанат Телтаев: https://www.facebook.com/zhanat.teltaev?mibextid=ZbWKwL Г. Жұмақұлова: https://www.facebook.com/profile.php?id=100013552569863&mibextid=ZbWKwL Кенжеғазы Кенебаев: https://www.facebook.com/kenebaev.kenzhegazi?mibextid=ZbWKwL Тимур Коесов: https://www.facebook.com/timur.koesov?mibextid=ZbWKwL
3. Жоба туралы	
1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)	Ф. Оңғарсынованың 85 жылдығына орай, «Фаризаның ақын сіңділері» атты қазақ ақын қыздардың поэзия кеші
2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы	«Фаризаның ақын сіңділері»

3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т.б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)

«Фариза және ақын сіңлілері» атты поэтикалық жоба – қазақтың көрнекті ақыны Ф.Оңғарсынованың төл идеясынан туындады. Ақын көзі тірісінде осы тақырыпта үлкен іс-шара ұйымдастырған болатын.

«Фаризаның ақын сіңілдері» атты поэзия кеші мен шеберлік сабақтары жас буын қаламгерлердің ұлттық болмыстың бастауында тұрған тұлғалар шығармаларын насихаттау арқылы олардың рухани кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Фариза Оңғарсынова әлі күнге дейін Қазақстандағы ең көп оқылатын авторлардың бірі болып қала береді, өйткені ол кеңестік дәуірдің өзінде-ақ халықтың тәуелсіздігі туралы жазған және қазақ халқының тамырын, дәстүрі мен мәдениетін сүюге шақырған.

Жастар қазіргі әдебиеттің жай-күйін де үйренетін болады. Бұл – жас қаламгерлерді тәрбиелеудегі қыруар жұмыс және оң нәтижесін беруі тиіс, өйткені бұл шақырылған жастардың мәдени-әдеби әлеуетін арттырып, көркем әдебиетке қоғамның қызығушылығын оятады.

Осылайша, жоба өңірдің дамуы мен ерекшеліктері туралы сапалы жаңа әдеби туындылар жасауға, оның мәдени әлеуетін барынша арттыруға, азаматтық-патриоттық бағытты жалғастыра отырып, уақыт талабына сай туындылар жасауға мүмкіндік береді. Фариза Оңғарсынованың ұстанымы.

Бұл жоба аясында қазақ ақын қыздарының ішінде Ф.Оңғарсынованы ұстаз санайтын, қамқорлығын көрген және поэзиясын сүйіп оқитын таланттылары ақынның туған жерінде өтетін бірегей поэзия кешіне шақырылатын болады. Қатысушылардың жол, іс-сапар шығынын ұйымдастырушы жақ көтереді.

Қазақстан Жазушылар Одағы Мемлекеттің сенімді стратегиялық серіктесі деп танылды. Ол руханиятқа, мәдениетке, әдебиетке қатысты барша іс-шаралардың ұйымдастырушысы, идея берушісі және ұйытқысы болады.

Жоба туралы ақпарат Мемлекеттік БАҚ құралдарында, әлеуметтік желіде жарияланатын болады. «Фариза және ақын сіңлілері» атты поэзия кеші Атыраудағы ең ірі көрермен залында өтеді. Және іс-шара аясында 700 ден 1000-ға дейінгі көрерменді қамти алады. Жалпы жоба туралы ақпарат кемінде 11000 арасындағы оқырманға таратылады.

Поэзия кешіне республиканың түкпір-түкпірінен елімізге жақсы танымал 8 ақын қыз (*Заида Елгондинова, Шәмшия Жұбатова, Ғайни Әлімбекова, Жаңылхан Асылбекова, Сағыныш Намазшамова, Ясира Зақанқызы* және т.б.) қатысады. Іс-шарадан бөлек жас ақындармен шеберлік сыныптары, М.Өтемісұлының мәңгілік мекені Қаройға, Сарайшық музей-қорығына және ақын дүниеге келген Манаш елді мекеніне экскурсия жоспарланады. Қатысушыларды арнайы көліктермен алып жүреді және жолбасшы гидтермен қамтамасыз етіледі.

Поэзия кешіне арнайы театрландырылған музыкалық композиция ұсынылады. Өңірдің кәсіби режиссер, модератор, сценарийстерінен құрылған кәсіби команда жұмыс жасайды.

«Фариза және ақын сіңлілері» – көрнекті ақын, Қазақстанның Халық Жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ф.Оңғарсынованың 85 жылдығына ұсынылатын – бірегей жоба.

4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	– Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның Халық Жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай ақынның туған жерінде республикалық маңызы бар іс-шараны өткізе отырып, ақынның өлмес жырларын, азаматтық тұлғасын насихаттау. – Қазақстан Жазушылар Одағының өңірлермен байланысын жақсарту, қоғамдық-рухани тыныс-тіршілігімен тығыз байланыс жасау. Жергілікті қаламгерлерге қолдау көрсету. – Қазақ поэзиясындағы ақын қыздардың орнын айқындау, олардың шығармашылық потенциалын арттыруға қолдау көрсету. – ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Оқитын ұлт» жобасы аясында арнайы ұйымдастырылатын кітап көрмелерін жасап, ақындардың оқырманмен кездесулерін ұйымдастыру арқылы кітап оқитындардың санын арттыру. – Ф.Оңғарсынова жырларындағы азаматтық рухтың келешек ұрпаққа әсері және патриоттық тәрбиені нығайтудағы зор ролін анықтау, насихаттау. – Қатысушыларға арнайы ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы Атырау өңірінің бай тарихы мен көрнекті тұлғалары туралы мағлұмат беру, аймақтағы туризмнің дамуына үлес қосу.
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	– Поэзия кешіне қатысатын ақындар мен арнайы қонақтарды анықтау және поэзиялық жобаның талабына сай келуін нақтылау. – Қатысушылар Ф.Оңғарсынова жырларын жатқа білуі, ақын шығармашылығымен жақсы таныс болуы тиіс. Ақын қыздардың шығармашыл тұлға ретіндегі қазақ әдебиетіндегі орны ескеріледі. – Іс-шара өтетін орынды белгілеу және тақырыпқа сай безендіру жұмыстарын (ЛЭД экран, көрме, баннерлер, Ролл-ап, гүлдер) жүргізу. – Ф.Оңғарсынова шығармаларынан театрландырылған музыкалық композиция дайындау. – Іс-шараға кәсіби өнер ұжымдары мен өнерпаздардың қатысуын қамтамасыз ету. – Іс-шараға өңір зиялыларының БАҚ құралдарының, студенттер мен жастардың қатысуын қамтамасыз ету.
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).	1. Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыз атыраулық жас қаламгерлермен кездесіп, шеберлік сыныптарын өткізеді (<i>іс-шарада кемінде 50 қатысушыны қамту</i>). 2. Қазақтың белгілі ақын қыздары қатысқан поэзия кеші өткізіліп, кеште ақындар Ф.Оңғарсынованың өлеңдерін және ақынға арналған өлеңдерін оқиды. Жергілікті өнерпаздар ақын сөзіне жазылған әндерді орындайды (<i>ақпараттық қамту кемінде 11 000 қаралым, қатысушылар саны кемінде 300 адам</i>). Ф.Оңғарсынованың 85 жылдығына арналған қазақ әдебиетінің 8 ақын қыздарының шеберлік сабақтары – жас ақындардың шығармашылығын дамытып, аймақтық жас қаламгерлердің шығармаларын елге жеткізуге қызмет ететін ақын шеберлігінің деңгейін, маңызын ашуға септігін

	тигізуі. Ақындармен шеберлік сыныптары мен жеке кездесулер облыстық кітапханаларда ұйымдастырылады. «Фариза және ақын сіңлілері» поэзиялық кеші Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасында өтеді. Театр фойесінде Ф.Оңғарсынованың және қатысушы ақындардың кітап көрмелері және олардың суреттері Ролл-ап, баннерлерде орналасады. Ф.Оңғарсынованың фото және картиналар көрмесі ұйымдастырылады. Іс-шараға өңір зиялылары, мәдени мекемелер қызметкерлері, студенттер, оқырмандар, БАҚ кұралдары шақырылады. Поэзия кеші 4 бөлімнен тұрады. Іс-шараның бірінші бөлімінде «Жыр – менің планетам» атты 25 минуттық театрландырылған – музыкалық композиция қойылады. Екінші бөлімде Ф.Оңғарсынова туралы деректі бейне ролик көрсетіледі. (8-10 минут) Үшінші бөлімде ақын қыздар Ф.Оңғарсыноваға арналған 1 өлең, еркін тақырыпта 1 өлең оқиды. Әр қатысушы туралы мәлімет ЛЭД экранда беріледі. Қорытынды бөлімде құттықтау, марапаттау шаралары орындалады. Қатысушыларға имидждік кәдесыйлар ұсынылады. Интервью бұрышы, қолтаңба бұрыштары жұмыс жасайды.
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	«Фариза және ақын сіңлілері» поэзия кеші Атырау қаласында өткізіледі.
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	27 тамыз 2024 жыл
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	Ағымдағы қаржы жылының 15 қарашасынан кешіктірілмеуге тиіс.
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	«Фариза және ақын сіңлілері» поэзиялық жобасы жалпы көпшілікке, өнерсүйер оқырманға арнап өткізіледі. Бұл санатқа зиялық қауым өкілдері, ақын-жазушылар, мәдениет қызметкерлері, оқырмандар, студенттер мен жоғары сынып оқушылары кіреді.
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	Іс-шара нәтижесінде Ф.Оңғарсынованың төл идеясы жүзеге асады. Жоба барысында кемінде 11000-нан астам адам ақпараттанады. Әлеуметтік желілер мен Республикалық БАҚ-да жоба туралы толық жазылатын болады. Қазақтың көрнекті ақыны Ф.Оңғарсынова шығармалары мен азаматтық тұлғасы насихатталады. Атыраулық жас ақындарға шеберлік сыныптары ұйымдастырылады. «Фариза және ақын сіңлілері» атты поэзия кешіне қатысатын ақындар Ф. Оңғарсынованың өмірі мен шығармашылығына, азаматтық тұлғасына арналған 1 өлең, еркін тақырыпта 1 жаңа өлеңдерін оқиды. Нәтижесінде аталған тақырыптағы 16 жаңа өлең жарық көреді.
Сандық нәтижелері	Іс-шара аясында 700 ден 1000-ға дейінгі көрерменді қамти алады. Жалпы жоба туралы ақпарат кемінде 11000 арасындағы оқырманға таратылады.
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері	1. Танымал ету: – Қазақстанның әдеби мұра қоры өлке тарихын, еліміздің жаңа келбетін айшықтайтын, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыратын тың туындылармен толығыды.

	– Отандық әдебиетті дамыту үшін жұмыстар жүргізіледі, оның бірі жастар мен тәжірибелі ақын-жазушылар арасындағы диалогқа арналған шеберлік сабақтары, конференциялар, форумдар және т.б., жас авторлардың жаңа шығармалар жазуына жағдай жасалады. 2. Белсенділік көрсету: – Жалпы қоғамдық сананы жаңғырту үдерісіне аймақтық әдеби қауымды тарту; – Жас қаламгерлердің әдеби шығармашылығын белсендіру, олардың қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты азаматтық ұстанымы. 3. Ынталандыру: – Жас авторлардың әртүрлі жанрдағы жаңа туындыларын шығару; – Қазақ әдебиеті кітапханасын жаңа есімдермен, жаңа шығармалармен толықтыру.	
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*	Серіктестер:	Қолдау түрі:
* Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады	«Казахский ПЕН-клуб», «М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты»	Ақпараттық және консультациялық
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады	– «Фариза және ақын сіңлілері» жобасы «Атырау», «24 kz» телеарналарында көрсетіледі. – «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Атырау» газеттерінде арнайы мақалалар жарияланады. – Жоба аясында «АТЫРАУ-АҚПАРАТ» медиахолдингінде баспасөз конференциясы беріледі.	

4. Күнтізбелік жоспар

№ Р\с	Шешілетін міндет	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1	Атыраулық жас қаламгерлермен шеберлік сыныптары	<i>Іс-шара:</i> Шеберлік сыныптары <i>Мазмұны:</i> Жас ақындардың шығармашылығын дамытып, аймақтық жас қаламгерлердің шығармаларын елге жеткізуге қызмет ететін ақын шеберлігінің деңгейін, маңызын ашуға септігін тигізуі. Ақындармен шеберлік сыныптары мен жеке кездесулер облыстық кітапханаларда ұйымдастырылады. <i>Өткізетін орны:</i> Н.Балғымбаев орталығы	12 қыркүйек	12 қыркүйек	Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыз (З.Елзон-динова, Ш. Жұбатова, Ғ.Әлімбекова, Ж. Асылбекова, С.Намазшамова, Я. Зақанқызы және т.б.) атыраулық жас қаламгерлермен кездесіп, шеберлік сыныптарын өткізеді (іс-шарада кемінде 50 қатысушыны қамту)

2	«Фариза және ақын сіңлілері» поэзия кеші	<i>Іс-шара:</i> Театрландырылған – музыкалық-поэтикалық қойылым. <i>Мазмұны:</i> Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның Халық Жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай ақынның туған жерінде республикалық маңызы бар іс-шараны өткізе отырып, ақынның өлмес жырларын, азаматтық тұлғасын насихаттап, жергілікті қаламгерлерге қолдау көрсетіп, Қазақ поэзиясындағы ақын қыздардың орнын айқындап, олардың шығармашылық потенциалын арттыруға қолдау көрсету. <i>Өткізетін орны:</i> Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық драма театры.	13 қыр-күйек	13 қыр-күйек	Қазақтың белгілі ақын қыздары қатысқан поэзия кеші өткізіліп, кеште ақындар Ф.Оңғарсынованың өлеңдерін және ақынға арналған өлеңдерін оқиды. Жергілікті өнерпаздар ақын сөзіне жазылған әндерді орындайды (ақпараттық қамту кемінде 10 000 қаралым, қатысушылар саны кемінде 300 адам)
3	Экскурсия	<i>Іс-шара:</i> Экскурсия <i>Мазмұны:</i> Қатысушыларға арнайы ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы Атырау өңірінің бай тарихы мен көрнекті тұлғалары туралы мағлұмат беріп, аймақтағы туризмнің дамуына үлес қосу. <i>Өткізетін орны:</i> Сарайшық, Қарой, Манаш елді мекендері	12 қыр-күйек	12 қыр-күйек	Іс-шараға қатысатын ақындар мен арнайы қонақтар Сарайшық музей-қорығына, Манаш ауылына, Қаройдағы Махамбеттің мазарына гүл шоқтарын қояды.
4	Әлеуметтік желілерде және БАҚ-да жарнамаға арналған қызметтер	<i>Іс-шара:</i> Жарнама, бейнероликтер <i>Мазмұны:</i> «Фариза және ақын сіңлілері» поэзия кеші мен өткізілетін шеберлік сыныптары – «Атырау», «24 kz» телеарналарында көрсетіліп, «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Атырау» газеттерінде арнайы мақалалар жарияланады. Жоба аясында «Атырау-ақпарат» медиахолдингіде баспасөз конференциясы өтеді.	Тамыз - қыркүйек айларында	13 қыр-күйек	«Фариза және ақын сіңлілері» поэзия кешін республика көлемінде насихатталады. БАҚ құралдарында, телеарналарда кештің өту барысы жарияланатын болады. Поэзия кешінде ПТС түсірілім жасалады.

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

(мемлекеттік гранттар алуға өтінімге сәйкес)

Грант алушы: «Қазақстан Жазушылар одағы» республикалық қоғамдық бірлестік (ҚЖО)

Грант тақырыбы: **Ф. Оңғарсынованың 85 жылдығына орай, «Фаризаның ақын сіңділері» атты қазақ ақын қыздардың поэзия кеші**

Грант қаражаты: **9 400 000,00 (тоғыз миллион төрт жүз мың) теңге, 00 тиын**

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері	
						Өтінім беруші (жеке салым)	Грант қаражаты
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Әкімшілік шығындар:						
	Еңбекақы:						
	Жоба жетекшісі	адам	1	400 000	400 000		400 000
	Әлеуметтік сақтандыру жарналары (СО = 3.5% от (ЗП - ОПВ) min 2975 теңге)			12 600			
	Әлеуметтік салық СН = 9.5% от (ЗП - ОПВ - ВОСМС) - СО			20 840			
	Міндетті медициналық сақтандыру бойынша жарналар (ООСМС = 3% от (ЗП)			12 000			
	Модератор	адам	2	300 000	600 000		600 000
	Әлеуметтік сақтандыру жарналары (СО = 3.5% от (ЗП - ОПВ) min 2975 теңге)			9 450			
	Әлеуметтік салық СН = 9.5% от (ЗП - ОПВ - ВОСМС) - СО			15 630			
	Міндетті медициналық сақтандыру бойынша жарналар (ООСМС = 3% от (ЗП)			9 000			
	Бухгалтер	адам	1	250 000	250 000		250 000
	Әлеуметтік сақтандыру жарналары (СО = 3.5% от (ЗП - ОПВ) min 2975 теңге)			7 875			
	Әлеуметтік салық СН = 9.5% от (ЗП - ОПВ - ВОСМС) - СО			13 025			
	Міндетті медициналық сақтандыру бойынша жарналар (ООСМС = 3% от (ЗП)			7 500			
	Мемлекеттік тапсырыс менеджері	адам	1	200 000	200 000		200 000
	Әлеуметтік сақтандыру жарналары (СО = 3.5% от (ЗП - ОПВ) min 2975 теңге)			6 300			
	Әлеуметтік салық СН = 9.5% от (ЗП - ОПВ - ВОСМС) - СО			10 420			
	Міндетті медициналық сақтандыру бойынша жарналар (ООСМС = 3% от (ЗП)			6 000			
	Барлығы				1 450 000		
2	Тікелей шығындар:						
	1-Іс-шара. 1. Фариза Оңғарсынованың жырларын, шығармашылық ғұмырын насихаттап жүрген елімізге белгілі 8 ақын қыз атыраулық жас қаламгерлермен кездесіп, шеберлік сыныптарын өткізу						
	Н. Балғынбаев орталығын жалға алу	қызмет	1	150 000	150 000		150 000
	2-Іс-шара. Қазақтың белгілі ақын қыздары қатысқан поэзия кеші өткізіліп, кеште ақындар Ф.Оңғарсынованың өлеңдерін және ақынға арналған өлеңдерін оқиды. Жергілікті өнерпаздар ақын сөзіне жазылған әндерді орындайды						
	Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрын жалға алу	қызмет	1	200 000	200 000		200 000
	ІТЭД экранды жалға алу	қызмет	1	450 000	450 000		450 000

	Транспорттық шығын: экскурсия (Сарайшық, Қарой, Манаш елді мекендері)	қызмет	1	500 000	500 000		500 000
	Барлығы				1 300 000		
	Заңгерлік, ақпараттық, консультациялық, оқыту қызметтеріне ақы төлеу және қызметтерге арналған өзге де шығындар:						
	Ақындар	адам	8	200 000	1 600 000		1 600 000
	Жоба менеджері, сценарист	адам	1	400 000	400 000		400 000
	Жүргізуші	адам	1	160 000	160 000		160 000
	Режиссер	адам	1	300 000	300 000		300 000
	Дизайнер	адам	1	200 000	200 000		200 000
	ЛЭД операторы, видеографы	адам	1	120 000	120 000		120 000
	Барлығы				2 780 000		
3	Іссапар шығындары: Алматы - Атырау - Алматы						
	тәуліктік 2 мрп (3692 * 2 = 7384), (1 іссапар * 1 адам * 4 күн = 25844 * 1*4 = 29536)	адам	5	29 536	147 680		147 680
	Жол жүруі (1 іссапар * 1 адам*2 билет)	билет	20	100 000	2 000 000		2 000 000
	Жатын орын 5 мрп (3692 * 5 = 18460), (1 іссапар * 1 адам * 4 күн = 18460 * 1*4 = 73840)	адам	10	73 840	738 400		738 400
	Меркелік кешкі ас	адам	25	20 000	500 000		500 000
	Барлығы				3 386 080		
4	Полиграфиялық және онымен байланысты шығындар:						
	Алғыс хат	дана	25	800	20 000		20 000
	Банер	дана	1	45 670	45 670		45 670
	Блокнот	дана	25	1 500	37 500		37 500
	Ручка	дана	25	450	11 250		11 250
	Пакет	дана	25	400	10 000		10 000
	Кеш бағдарламасы	дана	25	380	9 500		9 500
	Деректі бейне-ролик	дана	1	350 000	350 000		350 000
	Барлығы				483 920		
	Жиынында::				9 400 000		9 400 000

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

**«Қазақстан Жазушылар одағы»
республикалық қоғамдық бірлестігінің
Төрағасы**

М. Құлкенов

Толтырылған күні:
2024 ж. «22» шілде